«КҮШІҢЕ СЕНБЕ, ІСІҢЕ СЕН»

дейді академик Кенжеғали САҒАДИЕВ

Ертеректе бір кітапты оқи отырып, ғұлама ғалымның «Ғұмыр бойы бақытты болғың келсе, адам болуға тырыс. Жер бетінде ары таза адамнан өткен тамаша ештеңе жоқ» деген ұлағатты сөзі еріксіз назар аударған еді. Шынында да солай ма, мұның өзі мүмкін бе, — деп кәдімгідей ойланғаным да бар. Күнделікті тіршілікте қоян-қолтық араласқан жора-жолдас, ағайын-туыс, сырттай сыйласқан адамдарымның өмір жолын, атқарған қызметін көз жіберіп саралап көргенімде бұл тұжырым қағиданың шындыққа жанасатындығына шүбә келтіре алмадым.

Әлбетте, өнеге де, ұстаз да — өмір. Егер әділетке жүгінсек бейнебір адамгершіліктен, бауырмалдық айнымас адалдықтан ғана жаратылғандай, тынымды ісімен көпшіліктің көңілінен шығып ыңылас-алғысқа кенелген тілегі түзу, ниеті ақ абзал азаматтар аз ба арамызда? Өзі үшін ғана емес, өзгелер үшін де өмір сүре білетін мұндай жандар ата жолын одан әрі жалғастырмаса дөңгеленген дүние не болар еді. Астан-кестеңі шығып шаңырағы ортасына түсіп жатпас па еді? Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар. Әңгіме ел игілігі үшін отқа күйіп, суға батудан да тайынбайтын мұндай азаматтарды көре біліп, бағалай, ардақтай білуде жатса керек. Жақында осындай қадірменді азаматтар Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі, көрнекті қоғам қайраткері, жақында ғана еңбек сіңірген қайраткер атағын алған Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

— Егер шаман келсе, заманның ның алдында жүр. Егер қолыңнан келмесе, заманмен қатар жүр. Бірақ ешқашанда заманыңнан кейіндеп қалма, дер әр адамға қойылатын талап бар. Расында да, қай адам болсын өз өмірінің суретшісі емес пе? Ол жай ғана өмір сүріп қоймайды, оған ажар, түр беруге, оны әшекейлеп өрнектеуге тырысады. Дегенмен, кім боламын десе сол болу нағыз батыл ер адамның ісі, қолынан келгені ғана болу әр адамның ісі. Адам — керуен, өмір — жол, Кенжеғали Әбенұлы сіз де міне енді пайғамбар жасына келіп отырсыз. Жүрген жолыңыз, алған асу, шыққан биігіңіз жайлы аз-кем барлау жасап, қорытындылап көрсек қайтеді?

— Өткен күндердің бәрі емес, есте қалған күндердің ғана өмір болса керек. Мен қаладан шалғай алыстағы қазақ ауылында өстім. Соғыс жылдарында мектеп есігін аштық. Отбасымыз көп балалы еді. Сондықтан да болар оңды-солымызға көз түріп, ерте есейдік. Бірінші кластан бастап жақсы оқыдым. Орта мектепті күміс медальмен бітірдім. Университетте оқып жүрген күндерде де осы қалпымнан айнымауға тырыстым. Қолым босаса кітап ханаға жүгіретінмін. Бойымдағы барлық жақсылығым үшін оқыған кітаптарыма борышты сияқты сезінемін. Сондықтан да болар университетте арнаулы стипендия алып оқыдым.

Адамның жастық шағы дегеніміз құлшынып жұмыс істейтін және күш-қайратының тасып тұратын шағы ғой. Оқумен бірге сан қилы қоғам жұмысын атқаруға да, спортпен шұғылдануға да уақыт таптық. Университеттегі комсомол комитетінің хатшысы болдым. Қайткен күнде де заман талабымен қатар жүруге ұмтылдым. Қатарымнан қалғым келмей ғылым жолын құдым. Аспирантураға түстім. Жас кезінде не ексең жасың толысқанда соны орасың, қалаған мамандығымды жан-жақты қамтып, тынбай ізденудің арқасында ғылыми атаққа, дәрежеге де ие болдық. Төрт-бес көлемді ғылыми орталықта қызмет атқарып, үлкен ұжымға басшылық жасауға тура келді.

— Иә, сіз ертеректе сегіз жыл бойы Ақмоладағы ауыл шаруашылығы институтының ректоры болып қызмет атқардыңыз. Одан соң Қазақтың Мемлекеттік Басқару академиясын ұйымдастырып, басшылық еттіңіз. Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып сайландыңыз. Талай жыл еңбек еткен бұл ғылыми орталықтарда азды-кемді іздеріңіз қалды ғой деймін.

— Қалған жоқ деп айта алмаймын. Қай жұмысты болса да дұрыс ұйымдастырып, меніңше, үш шартты бұлжытпай орындаған жөн. Ең әуелі ниет керек, одан соң қайрат, жігер керек, темірдей тәртіп керек. Дұрыс жолын таппаған жұмыс құмға құйған су сияқты. Із-түссіз сіңіп кетуі мүмкін. Ал жолын тапсаң бейне апа сияқты мейірленіп ие беретін тәрізді.

— Жолдас-жораларыңыздың арасында біздің Кенжеғалиді қызметке барған жері құшақ жайып қуана қарсы алады, егер басқа жаққа ауыса қалғанда қимай құрметтеп шығарып салады деген сөз тарап кеткен екен. Достық әзіл ме, әлде шындық па? Бұл сөзге қалай қарайсыз?

— Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен демей ме халық. Қай жерде қызмет істемейін қолымнан келгенше жүктелген міндетті жүзеге асыруға тырысқаным рас. Қызмет барысында судай сіңіп, тастай батып, ұйымдасып, біте қайнасып кеткен ұжымды артыма қалдырып, басқа жаққа ауыса берумаған да жеңіл тие берген жоқ. Олармен мен де қимай қоштасамын. Байланысымды үзбеймін. Мысалға, Қазақ мемлекеттік экономика университетінде жұмыс істеген жылдарымды алайын. Бұл жоғары оқу орны мен үшін өте ыстық. Алғашқы еңбек жолым осында басталды. Ғалым азамат ретінде осында қалыптастым. Арада сегіз жыл өткеннен кейін қайтадан осы университетке ауысыңыз дегенде алғашында іштей қуансам да, Ақмоладағы қызметімді қимай қиналғаным рас. Алайда, жоғары жақтан, үлкен ағалар тарапынан сенім көрсетілген соң бас тарта алмадым. Жаңа қызметпен қатар менің алдыма жаңа міндеттер қойылды. Республикамызда күрт өзгерістер жүргізіліп, егемендік процесі күшейген кезең болатын. Соған орай экономика мамандарын даярлаудың бұрынғы тәртібін түбегейлі жаңарту қажет болды. Осы мақсатпен жасаған ұсыныс-шараларым республикамыздың Президенті тарапынан қолдау тапты. Экономикалық университет Қазақтың Мемлекеттік Басқару Академиясы болып өзгертілді. Оқытушылар қауымының мәртебесі көтеріліп, еңбекақылары екі есеге дейін көбейтілді.

Академияда оқу процесін басқарудың тәртібі жаңартылды. Бұрынғы факультеттер оқу-ғылыми кешендері болып қайта ұйымдастырылды. Менеджмент, маркетинг, макроэкономика ,кәсіпкерлік бизнес негіздері, агробизнес және басқа жаңа кафедралар ашылды. Ғылыми жұмыстың сапасын арттыру үшін Академия жанынан Қаржы-Банк, менеджмент институты, Экономикалық зерттеу және экономика социологиясы орталықтары мен Нарық институты ұйымдастырылды. Бұл жаңа құрылымдардың жұмыстарын жандандырып жақсарта беру және тәжірибе алмасу мақсатында көптеген шетелдерде болдым. Бұл іс сапарларымның да көмегі аз болған жоқ.

— Экономика мамандарын даярлаудың, ғылымды ұйымдастырудың, елдің нарыққа өтуінің тиімді жақтарын аша түсетін «Ғылым толғандырады. Нарық халыққа бет бұрсын», «Қазақстан өз бейнесін жасауды көрер көзге кейінге қалдыра береді» және де басқа да көптеген мақалаларыңыз газет-журнал беттерінде жарияланып, жұртшылықтың назарын аударған еді.

— Иә, осы мақалалар негізінде республикамыздың Президенті мен Премьер-министріне хат жолдап, шетелдік инвестиция жөніндегі Ұлттық агенттік құру туралы, ұлттық валютаға көшу жөнінде мәселе көтергенім бар. Бұл ұсыныстарым аяқсыз қалған жоқ. Кезінде Ұлттық Ғылым Академиясы жөнінде де дау-дамай көп көтерілді. Ғылымның маңызын, мәнін және ұйымдық ерекшелігін түсінбеген кейбір жоғары лауазымды шенеуніктер Ұлттық Академияны жаңа Конституцияға келмейтін «заңсыз мекеме» ретінде көрсетуге дейін барды. Ортақ мүддені көздеп мұнда да ғалым ретінде, азамат ретінде республикалық газеттерде «Ғылымсыз ғұмыр—тұл». «Ғылым Академиясы толқу үстінде», «Жұмыс істеп тұрған тұрақ ортанизмді жан-жаққа тартқылауға болмайды» және басқа да мақалалар жазып өз пікірімді білдірдім.

— Сіз, сонымен қатар көлемді қоғамдық жұмысты атқардыңыз, Президент жанындағы Консультативтік кеңестің мүшесі болдыңыз. Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңестің жұмысшы тобына жетекшілік еттіңіз. Ғылым, техника және білім беру саласындағы Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комитеттің төрағасы болдыңыз. Ал қай адамның болса да сынға салып атқарған ісінің бірден-бір төрешісі болып жүретін уақыт деген өлшем бар. Мұның бәріне уақытыңыз қалай жетіп жүрді.

— Адамның табиғаты қызық қой. Рас, біреулеріміз уақыт өтпеді деп ренжіп жатсақ, екіншілеріміз уақыт жетпейді деп налимыз. Сол қинала беретіндердің бірі өзіммін. Бірақ, уақыт қанша жүйрік болса да, қолдан шығармай дұрыс қызмет етуге көндіргенге не жетсін. Адамның бар байлығы — уақыт. Уақытты босқа жібермей шын шамырқанып кірісетін болса, оның тындырмайтын ісі, алмайтын қамалы, жетпейтін арманы болмайтынын көп адамдар айтып қана емес, нақты көрсетіп, дәлелдеп те жүр.

— Бұл сөзіңіздің жаны да бар. Алайда, біз көп жылдар бойы әсіресе жастарға «сендердің алдарыңда даңғыл жол сайрап жатыр. Бәрі де алдыңда, таңдап ал» деп романтикалық ұран айтып келдік емес пе?

— Иә, мұндай жағдайлар болды. Қазір уақыт талабы мүлде өзгерді. Өзіміз қызмет істеп жүрген Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінде бұл өзекті мәселелер нақты қолға алынуда. Әлемдік ғылыми жетістікке шығу мақсатында республикамызда тұңғыш рет компьютер және тіл дайындығы орталықтары құрылды. Жаңадан биотехнология, агроэкология, халықаралық аграрлық экономикалық қатынас, аграрлық құқық, кедендік іс және тағы басқа осылар секілді қазіргі кезеңге аса қажетті бағыттағы мамандар даярлауға мүмкіндік туды. Оқыту мен дайындық нәтижесін тексеруге рейтингтік-тестік жүйе енгіздік.

— Бұған қоса фермерлер ісі деген жаңа мамандық мектебін ашқан екенсіздер. Ауылдық жерлерден адамдар келіп оқып жатыр ма?

— Оқып жатыр. Бұл қысқа мерзімді мектептерді ашқан себебіміз, қазір еліміздегі шаруа қожалықтары көбейіп келеді. Сол қожалықтардың жетекшілерінің егіншілік мәдениетін көтеруде, малдың саны емес, сапасын арттыру саласында білімдерін көтеруді ұйғардық. Жоғары оқу орны ұжымы алдына осылай ғылымды нақты іс-бағытына жақындастыру, зерттеу жұмыстарын халықаралық дәрежеге шығару міндеті қойылды. Университет өз халқының тарихы мен мәдениетінен нәр алған, оның рухани тамырымен сабақтас мол қазыналарды игерген жас патриоттарды тәрбиелеуге тиіс. Осы тұрғыдан біздің аграрлық университетте білім мекемесі ғана емес, мәдениет университеті болуы керек деп санаймыз. Зерттеу жұмыстарын халықаралық дәрежеге шығару міндеті қойылды. Әзірге аяқ алысымыз жаман емес. Нәтижесін болашақ көрсете жатар.

Иә, қай адамның болса да қасиет-құны еліне қаншалықты еңбек сіңіргенімен өлшенеді. Кім жастайынан алдына зор талап қойып, беріле адал еңбек етсе, бар ақыл-ойын, күш-жігерін ортақ іске жұмсай білсе, сол адам қашанда қадірлі. Ал, адам бақытының өлшемі де өсіп-өнген халқының қадірімен құрметті болса керек.

Қасымхан ЕРСАРИН,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.

Басқа басылымдардан

ЛЮДМИЛА ЗЫКИНА МАХАББАТ ПЕН САЯСАТ ТУРАЛЫ

«Біздің эстрада арзан қолды болып бара жатқанына жүрегім ауырады» — деді отандық шоу-бизнес туралы «Аргументы и факты. Новости» агенттігінде өткен баспасөз конференциясында Людмила Зыкина. Аты әйгілі орыс және кеңес әндерін орындаушының айтуынша, бұрын сахнадан қазіргідей махаббат туралы әндерді орындауға болмайтын еді. Халық әртісі өзінің нәзік сезімін халық алдында білдірмеуге тырысты. Әрине, бұл саяси көзқарасқа жатпайды. Егер де әйгілі әнші Ельцин мен Черномырдиннің бірін таңдайтын болса, онда Зыкина Черномырдинді қалайтыны сөзсіз. Оны өзі де мойындайды.

НИЦЦА ОРЫСТАРДЫҢ АРҚАСЫНДА КӨРКЕЮДЕ

Францияның «Франс Суар» газетінің хабарлары бойынша, үстіміздегі жылы елдің белгілі сауықтыру орны — «Лазурный берег» курорты 100 мың Ресей туристерін қабылдамақ. Мұнда «жаңа орыстар» өздерінің екі-үш апталық демалыстарында «өлі кезең» деп аталатын оның жағалауларында өткізеді. Мұндағы жергілікті тұрғындарды Ресейден келген қонақтардың ресторанда бір адамға есептегенде 200 мың франктық (1 франк — 1 рубль) заказдары таң қалдыра қоймайды. Ал жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттігі жыл сайын жаңа орыстарға орташа бағасы 5 миллион франк тұратын 50-ге жуық вилла немесе пәтер сатады. Ең байлары замктерді де сатып алады.

АДАМНЫҢ ЖАРТЫ ӨМІРІ ТӨСЕКТЕ ӨТЕДІ

Француз зерттеушілері 70 жыл өмірі ішінде европалық адамның орташа статистикалық уақытын қалай бөлетінін есептеп шығарды. «АиФ. Дочки—матери» газеті жазғандай, құдай берген мерзімге сәйкес адам 30 жыл өмірінде ұйықтайды, 6-7 жыл тамақ ішеді, 6 жыл — қалалық көлікте жүреді, 6 жылдан астам телевизор көреді, 500 күн тамақ дайындайды, 400 күн — жыныс қатынастарында болады, 250 күн кітап оқиды, 180 күн телефонмен сөйлеседі, 140 күн қырынады, 110 күн махаббатпен айналысады, 8-9 жыл кәсіби міндеттерін атқарады, 623 күн күледі, 150 күн тұмау болады, 420 күн ауырады, 375 күн мейрамдарды тойлайды, 108 күн таранады, 116 күн ұсақ қажетті жұмыстарды атқарады, 106 күн тіс тазартады.

ӘСКЕРИ ҚАРУ КІМНІҢ ҚОЛЫНДА

Армияда әскери емес шығындар әр кезде де болған. 1997 жылы ғана Ресейдің барлық Қарулы күштерінде 1624 адам қайтыс болды. Оның 487-і өзін-өзі өлтірген. «Разбор» газеті жазғандай, қылмыскерлердің 25 процент өзімен бірге жүрген жолдастарын қарауылда тұрғанда атып өлтірген. Әрине, олардың көбі ауру немесе қылмыскерлер екені анықталды. Жеке құрамның жетіспеушілігінен әскери жауынгерлер қарауылда бірнеше тәулік бойына тұруына тура келеді. Ал адам уақытында ұйықтамаса психикалық жағынан ауытқу болып, бас ауруына шалдығуы мүмкін. Ал, ондай адамдардың қасында қару тұрса, оның аяғы көбіне қайғылы жағдайларға әкеп соқтыруға ғажап емес.

«Аргументы и факты» апталығынан дайындаған
М. ЖҮНІС.